

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Тасболат Асылтай Ғалымұлының «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық ізденістері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент А.К. Муминовтың**

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2.Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады. 1) «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура білім беру бағдарламасы аясында әзірленген. Яғни, диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының



		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысының дінтану ғылымына қосатын үлесі зор. Себебі ғылыми жұмысында исламдағы діни ілімдердің қалыптасу тарихынан бастап, классикалық кезең мен қазіргі модернистік дәуірдің де кезеңдеуін жасап шыққан әрі мұны әдіснамалық тұрғыдан парадигмалық өзгеріс ретінде негіздей алған. Фазлур Рахманның Құран герменевтикасы, Жәбірдің құрылымдық сыны секілді жаңа әдіснамалар негізінде ислам эпистемологиясында жаңа парадигмалардың пайда болғанын алға тартады. Ислам ғылымдарын реконструкциялау, тарихи анализге сүйенетін контекстуал интерпретация сынды жаңа әдіснамалар дәл қазіргі кезеңде ислам зерттеулері саласында шынымен де өзекті әрі маңызды ұстаным болып отыр. Яғни, осы әдіснамалар негізінде жаңа білім қорын жасап шыққан Фазлур Рахман мен Жәбірдің мұрасы ислам зерттеулері саласында өзекті әрі отандық ғылымға да зор үлес болмақ. Сол себепті, зерттеу жұмысы ұсынатын нәтижелер отандық дінтану



Handwritten signature in blue ink.

		және исламтану саласына елеулі үлесін қосады әрі ғылымға қосар үлесінің маңыздылығы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.
		Диссертация жұмысының жазылу деңгейін жоғары деп бағалаймын. Диссертанттың өзіндік ғылыми жазу стилі байқалады. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар мен диссертация жұмысы бір қолдан шыққан, таңдалған тақырыпты жан-жақты ашатыны, зерттеу объектісін тереңдете талдауға септесетін біртұтас жұмыс болып шыққанын айта аламыз.
		Диссертация тақырыбының өзектілігі нақты сипатталған. Диссертацияның өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғам сұранысына байланысты негізделген.
		Диссертация мазмұны диссертацияның «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық ізденістері» атты тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертация мазмұны «Ортағасыр исламдағы діни эпистемология», «Қазіргі ислам ақыл-ойы: бастауы, кезендері мен парадигмалық мәні», «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиясы» және «Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбірдің моральдық және әлеуметтік-құқықтық мәселелерге қатысты заманауи шешімдері» деген төрт тарауда барынша толық зерттеліп, жүйелі түрде талданған әрі диссертация тақырыбының мазмұнын айқындайды.
		Диссертация мазмұны диссертацияның «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық ізденістері» атты тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертация мазмұны «Ортағасыр исламдағы діни эпистемология», «Қазіргі ислам ақыл-ойы: бастауы, кезендері мен парадигмалық мәні», «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиясы» және «Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбірдің моральдық және әлеуметтік-құқықтық мәселелерге қатысты заманауи шешімдері» деген төрт тарауда барынша толық зерттеліп, жүйелі түрде талданған әрі диссертация тақырыбының мазмұнын айқындайды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.

	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Мақсаты – қазіргі ислам ақыл-ойындағы парадигмалық өзгерістерді эпистемологиялық шеңберде айқындау. Фазлур Рахман мен Мұхаммед Әбид Жәбири сынды ойшылдардың еңбектері мен көзқарастары аясында классикалық кезең мен қазіргі исламдағы әдіснамалық айырмашылықты талдап көрсете отырып, жаңа эпистемологияның қалыптасуын негіздеу. Диссертацияның мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді толық орындай алған әрі тақырыпты жан-жақты аша білген. Зерттеу нәтижелері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс 4 тараудан, 18 бөлімнен тұрады. Бірінші тарауда ислам ілімдерінің қалыптасуы мен ғылымдарды жіктеу мәселесіне арнаған. Мұны Жәбірдің <i>тадуин</i> ұғымы мен Фазлур Рахманның форматив және пост-форматив кезең деп айқындаған периодизациялау мәнеріне сүйене отырып іске асырған. Әрине, бұл ұғымдар ислам дәстүрінде де, академиялық зерттеулерде де бұрыннан бар, дегенмен екі ойшылдың қолдануында жаңаша мазмұн тапқан. Диссертант мұны терең талдай білген. Екінші тарауда ислам модернизміне, оның кезеңдеріне, зерттеу объектісі ретінде қарастырған Фазлур Рахман мен Жәбірдің еңбектеріне тоқталған. Үшінші тарауда екі

		ойшылдың методологиясы мен эпистемологиясына, атап айтқанда, Фазлур Рахманның уахи, Сүннет түсінігі мен Құран герменевтикасына, ислам ғылымдарын жаңаша методология бойынша реконструкциялау ұмтылысына, ал Жәбірдің <i>байани</i>, <i>ирфани</i> және <i>бұрхани</i> таным жүйелеріне қатысты құрылымдық сынына егжей-тегжейлі талдау жасаған. Төртінші тарауында екі ойшылдың <i>ижтиһад</i> түсінігін, әйел құқығы, жаза құқығы мен саяси басқару моделіне қатысты көзқарастарын салыстыра зерттеген. Зерттеу тараулары мен бөлімдері өзара логикалық түрде байланысқан әрі исламдағы жаңа эпистемологияны жан-жақты қырынан аша білген. Бір сөзбен айтқанда, диссертацияның барша бөлімі мен құрылымы логикалық тұрғыда толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертацияда диссертант ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті деңгейде дәйектелген, осы саладағы зерттеулермен салыстырмалы түрде талданған, бұған дейінгі әдебиеттерге шолу (Literature Review) жасап, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Зерттеу жұмысында сыни талдау бар, зерттеу объектісін сыни тұрғыдан талдай білген әрі бұған дейінгі зерттеулердің де кемшін тұстарын көрсету арқылы сыни тұжырымдар ұсынған.

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелерді толығымен жаңа деп бағалауға болады. Атап айтқанда:
		1) толығымен жаңа;	- ортағасыр исламдағы діни білім беру институттары мен ғылымдарды жіктеу дәстүріне талдау жасауы;
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	- классикалық кезең мен модерн дәуірдегі әдіснамалық ерекшелікті көрсету үшін герменевтикалық инструментарий - эпистемологияны айқындайды дейтін тұжырымды ұсынуы;
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	- Жәбірдің Мағриб тәжірибесіне сүйенетін модернистік жобасын геоэпистемология деп айқындауы және т.б. қорғауға ұсынған тұжырымдары толығымен жаңа, әсіресе, отандық ислам зерттеулері мен дінтану саласы үшін маңызды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Жұмыстың қол жеткізген қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу барысында сыни талдау жасай отырып, Фазлур Рахман мен Жәбірдің әдіснамасына толығымен жаңа сыни талдау жасаған. Сәйкесінше, ғылыми нәтижелері де жаңа болып шыққан. Сондықтан, жұмыстың қорытындыларын толығымен жаңа деп бағалауға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік гуманитарлық ғылым бағытында орындалған.



		шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан зерттеуді ішінара жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларында еліміздегі дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуға жарамды. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер дінтану саласына қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажет болады. Осының барлығы жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (Qualitative Research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының әр тарауында ауқымды қорытындылар жасалған және тарау бөлімдерінің соңында да талдаулар негізінде ғылыми тұжырымдар берілген. Қорытындылардың барлығында ғылыми дәлелдер жеткілікті деңгейде ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;	7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденді. 7.2 Жоқ. Әр қағидат тривиалды емес саналады. Ізденуші қағидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған.


Mam



		3) шамамен дәлелденбеді;	7.3 Иә. Автордың ислам модернизмi құбылысын кезеңдеуi бұған дейiнгi зерттеулерде бар дүние болғанымен, оны жаңа эпистемология аясында зерделеуi жаңа әрi парадигмалық өзгеріс ретінде айқындауы да ерекше ұстаным болып шыққан. Бастысы зерттеу объектісі ретінде тандап алған қос ойшылдың еңбектері мен көзқарастары арқылы исламдағы жаңа эпистемологияның қалыптасуын көрсете білуі бұған дейінгі отандық болсын, шетелдік болсын зерттеулерде толық ашылмаған. Мұны ислам философиясының жаңа кезеңіндегі тектоникалық өзгерістерге берілген ғылыми баға деп айқындауға болады. Себебі, жаңа эпистемология аясында ислам ақыл-ойының ғасырлар бойы жинақталып қалған әдіснамалық проблемаларына жауап берілген.
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларында, атап айтқанда, дінтану, исламтану, философия салаларында теориялық база ретінде, сондай-ақ уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолдануға болады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздерді дінтану және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың, докторанттардың фундаменталды білімін кеңейту
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) иә;	
		2) жоқ	



		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолдануға болады. 7.5 Иә. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдарында, яғни мақалаларында дәлелденген.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, негізделген және нақты жазылған. Диссертацияның артықшылығы - пәнаралық әдіснамаларды қолдануында, сондай-ақ осы әдістердің орындылығында. Қолданылатын әдістердің баршасы егжей-тегжейлі сипатталған. Қолданылған тәсілдер, олардың зерттеу үшін маңыздылығы толыққанды көрсетілген.
		1) иә;	
		2) жок.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдануды көздемейді, негізінен дінтану саласындағы ғылыми-зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалана отырып алынған. Сондықтан бұл пунктке жөк деген баға қойылды.
		1) иә;	
		2) жөк.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар	Диссертацияда автордың теориялық және практикалық тұжырымдары мен ұсыныстарының нақты расталуы зерттеудің ғылыми жаңалығын сипаттайтын бөлімде көрсетілген. Диссертациялық жұмыста қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиясы олардың әдіснамалары мен



Mammad

	бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	көзқарастары арқылы айқындалған. Теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденіп, расталған. Сондықтан, бұл пунктке иә деген жауап берілді.
		Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы, жұмыста айтылған әр мәселе бойынша ғалымдар мен авторларға сілтеме берілген және де олардың барлығы мазмұндарына сәйкес нақтыланған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді сілтемелермен расталған .
		Жеткілікті. Жұмыста 105 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге қатысты. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін толық негіздеген, отандық ғалымдардың еңбектерінен бөлек, арабша, ағылшынша, түрікше зерттеулерге де сілтеме жасаған.
	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Бар. Диссертацияның теориялық маңызын жоғары деп бағалаймын. Өйткені, зерттеу жұмысында қазіргі ислам ойшылдарының эпистемологиясына кешенді талдау жасаған. Әрі классикалық ислам философиясы мен қазіргі ислам ақыл-ойындағы парадигмалық өзгерістерге ғылыми тұжырым ұсынған. Сондықтан, ислам тарихын кезеңдеу тұрғысынан болсын , ислам ілімдерін жіктеу
9	Практикалық құндылық қағидаты	



		тұрғысынан болсын, әдіснама мен эпистемологияға қатысты алғанда да теориялық тұрғыда маңызды тұжырымдар ұсынады. Иә. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер бұған дейін зерттеле қоймаған ислам модернизмі құбылысын эпистемологиялық шеңберде қарастырған, Дінтану тұрғысынан Қазақстандағы діни жағдайға сараптама жасауға, діни консерватизм мен экстремизмнің алдын алуға қажет сараптамалық қорытындылар береді. Зерттеу нәтижелері ислам модернизміне қатысты зерттеулерге өз үлесін қоса алады. Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды толығымен жаңа деуге болады. Атап айтқанда, қос ойшылдың әйел теңдігі, полигамия, жаза құқығы және қоғамдық құрылысқа қатысты заманауи шешімдерін діни обскурантизмге қарсы ағартушылық мақсатта, зайырлылық қағидаты мен діни құндылықтардың үйлесімін қалыптастыруда, діни толеранттылық пен мәдениетті ілгерілетуде қолдануға болатындықтан толығымен жаңа деп бағалауға болады. Әрі діни саланы үйлестіруші мамандарға ақпараттық материал ретінде құнды, сондай-ақ діни және дінтанулық білім беруші мамандарға маңызды білім қоры қызметін атқара алады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;



		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	академиялық жазу сапасының жоғары екенін танытқан.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл жұмыстың жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын: 1. <i>Зерттеу жұмысында аздаған орфографиялық қателіктер кездеседі, соны реттеу;</i> 2. <i>Зерттеудің сапасын бұдан да тереңдету мақсатында Фазлур Рахман мен Жәбидің көзқарастарына талдауды үшінші тараудың соңында тереңдете түскен жөн болар еді.</i> Бұл ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызына, мазмұндық сипатына нұқсан келтірмейді деп есептеймін. Тек ғылыми еңбек сапасын арттыра түсуге септігін тигізер деген мақсаттағы ұсынысым.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу		Зерттеу нәтижелері бойынша 6 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасындағы шетелдік журналда, 3 мақала – ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған. 1 мақала отандық халықаралық конференцияда, 1 мақала ұжымдық



	тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		монографияда жарық көрген. Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жан-жақты қамтылған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тасболат Асылтай Ғалымұлының «Қазіргі ислам ойшылдарының жаңа эпистемологиялық ізденістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті, мақсат-міндеттері сай жазылғандықтан, теориялық және практикалық маңызы зор әрі ғылыми жаңалығы, зерттеу нәтижелері дәйекті болғандықтан ғылыми жұмыс диссертация талаптарына сәйкес келеді. Осының негізінде, Тасболат Асылтай Ғалымұлы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығының (IRCICA) халықаралық қатынастар бойынша кеңесшісі
Тарих ғылымдарының докторы, профессор



А.К. Муминов